Мақала тақырыбына арқау болған әлемдік бейбітшілік пен халықтар арасындағы толеранттылықты дамытуға жағдай жасау Халықаралық Олимпиада Комитетінің басты ұстанымы болатын. Алайда, 1896 жылдан бастап қайта жаңғырып, өткізіліп келе жатқан Олимпиада ойындары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде кезекті түрде өткізілмей қалғаны спорт тарихынан белгілі. Мұндай жағдайда Халықаралық Олимпиада Комитеті де өз қызметін тоқтатқан. Тек, 1948 жылы соғыстан кейінгі алғашқы ойындар Лондонда өтті. Бұл кезеңде олимпиадалық қозғалыс Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі қос жүйенің қарама-қайшылығының әсерін басынан өткеріп, біркелкі даму жолына түсе ал-

мады. Олимпиадалық ойындар саяси қысым көрсету құралына айнала бастады.

Бірақ XX ғасырдың 50-80 жылдары социалистік лагерь мемлекеттерінің және Азия мен Африканың отаршылдықтан босаған елдерінің олимпиадалық қозғалысқа енуі есебінен Халықаралық Олимпиада Комитетінің қызметі бір жүйеге түсе бастады [2].

Халықаралық Олимпиада Комитетімен қатар жаңа халықаралық спорттық ұйымдардың пайда болуы халықаралық спорттық қозғалысты демократиялық тұрғыда басқаруға кең мүмкіндіктер жасады. Осылайша, 1967 жылы халықаралық спорттық федерациялардың Бас Ассоциациясы, 1968 жылы ұлттық олимпиадалық комитеттердің Бас Ассоциациясы құрылды.

1960 жылдан бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің тікелей қолдауы әрі қатысуымен 16 спорт түрінен мүгедектер үшін Паралимпиадалық ойындар 4 жылда бір рет өткізілетін болса, 1988 жылдан бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің бастамасымен ақыл-ойы шектеулі жандарға арналған Арнайы Олимпиада ойындары ұйымдастырыла бастады.

XX ғасырдың 90-жылдарына дейін қысқы олимпиадалық ойындар жазғы Олимпиадалық ойындар өткен жылы өткізіліп келсе, 1992 жылы Халықаралық Олимпиада Комитеті жазғы және қысқы ойындарды кезегімен екі жыл аралықта өткізу туралы шешім қабылдады. Бұл шешім олимпиадалық ойындарды трансляциялау ыңғайы үшін және жарысты ұйымдастырушылар жүктемесін азайту мақсатында қабылданған еді. Осы өзгерістен кейінгі алғашқы қысқы Олимпиада ойындары 1994 жылы Норвегияның Лиллехаммер қаласында өтті.

2007 жылы ХОК 14-18 жас аралығындағылар үшін Жасөспірімдердің Олимпиадалық ойындарын өткізуге шешім қабылдап, алғашқы жазғы Жасөспірімдер ойындары 2012 жылы, қысқы ойындары 2014 жылы ұйымдастырылды.

Соғыстан кейінгі уақыттарда Халықаралық Олимпиада Комитеті таныған жаңа спорттық федерациялар пайда бола бастады, мәселен, 1946 жылы каноэ Халықаралық федерациясы, 1954 жылы Еуропа футбол федерацияларының Одағы, 1970 жылы әуесқой бокстың Еуропалық федерациясы құрылды.

Сонымен қатар, әлемдік бейбітшілік пен өзара достастық түсіністік аясын кеңейту мақсатында Халықаралық Олимпиада Комитетінің ЮНЕСКО сияқты халықаралық гуманитарлық ұйымдармен ынтымақтастығы арта түсті. Халықаралық Олимпиада Комитеті мен ЮНЕ-

СКО ынтымақтастығы шеңберінде 1958 жылы дене шынықтыру мен спорт жөніндегі Халықаралық Кеңес (СИЕПСС) құрылды. 1978 жылы ЮНЕСКО жанынан дене шынықтыру және спорт жөніндегі Үкіметаралық комитет қалыптасты.

Осылайша, дене шынықтыру мен спорт мәселелері саяси форумдарға қосылып, жоғары деңгейде талқылана бастады. Оның мысалы ретінде спорт мәселесінің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі мәжілістің қорытынды құжатына қосылуын айтуға болады. Мәжіліс қатысушылары мемлекеттер арасында спорттық байланыстарды дамытуға, халықаралық жарыстарды ұйымдастыруға ықпал етуге, халықаралық спорттық алмасулардың кез келген түрін қолдауға дайын екендіктерін білдірді. 1973 жылдан бастап жылына бір рет Еуропалық елдердің спорт ұйымдары басшыларының конференциялары тұрақты өткізіліп отырды.

XX ғасырдың ортасынан бастап Халықаралық Олимпиада Комитетінің басшылығында аймақтық спорттық жарыстар белсенді түрде дами бастады. Мәселен, 50-жылдардан бастап тұрақты түрде Панамерикалық, Африкалық, Скандинавтық, Жерорта теңіздік, Арктикалық ойындар, Британ Достастығы ұлттарының ойындары мен басқа да құрлықтық сайыстар өткізіле бастады [3].

Осындай жолмен, XX ғасырдың 50-60 жылдар бейбітшілік пен ұлттар аралық толеранттылыққа жол ашқан халықаралық спорттық қозғалыстың маңызды даму кезеңі болып табылды. Бұл шаралар барысында ол тек жаңа факторларға қол жеткізіп қана қоймай, өзінің географиясын кеңейтті, сондай-ақ, барлық қарама-қайшылықтар мен қиындықтарды көрсете отырып, халықаралық қатынастардың ажырамас бөлігіне айналды.

1967 жылы ХОК өз тарихында алғаш рет бүкіл елдер спортшыларына халықаралық және ұлттық спорттың өмір сүруінің жалғыз шарты ретінде бейбітшілікті нығайту мен қорғау туралы Үндеу жариялады. Осының әсерінен, 1973 жылы Варнада өткен Олимпиадалық Конгресс «Спорт бейбітшілік қызметінде» деген ұранмен өтті. ХОК-тың бастамасымен 1994 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 49-шы сессиясында «Спорттың арқасында ең керемет әрі ең мықты бейбітшілікті орнату үшін» деген резолюция қабылдады. Жалпы, осы және жоғарыдағы халықаралық олимпиадалық қозғалыстардағы әлемдік деңгейде қол жеткен жетістіктерде 20 жылдан аса уақыт ХОК Президенті болған Х.А. Самаранчтың қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Әлемдегі толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудағы басты бағыттың бірі – ол үлкен қоғамдық-саяси маңызы бар халықтардың мәдени ынтымақтастығы негізінде дамып отырған **Халықаралық спорттық байланыстар (ХСБ)**. Өзінің даму барысында бұл байланыстар ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістерді бастан кешіріп, олардың идеологиялық принциптері өзгерді. Қазіргі кезде халықаралық қауымдастықтың қызметінің арқасында халықаралық спорттық байланыстар халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністікті, толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтуда маңызды роль атқарады.

Халықаралық спорттық байланыстар негізгі екі бағыт бойынша дамуда:

- халықаралық спорттық қозғалыс (ХСҚ);
- мемлекетаралық спорттық қатынастар (МСҚ).

ХСҚ – бұл спортты дамыту, құрлық, әлем, олимпиадалық ойындардың чемпиондарын анықтау мақсатында Ұлттық спорт ұйымдарының, халықаралық спорт бірлестіктерінің көмегі арқылы түрлі елдердің спортшыларын мемлекетаралық біріктіру.

МСҚ – бұл спорт саласындағы елдер арасының екіжақты қатынастары.

Халықаралық спорттық қозғалыс негізінде келесідей идеялық-ұйымдастырушылық принциптер жатыр:

- жалпы бейбітшілікті нығайтудың факторы ретінде қозғалысты күшейту бойынша спорттық бірлестіктердің жолдастық өзара әрекеті;
- саяси көзқарасы, діни сенімі, бет түсіне қарамастан барлық адамдардың теңдігі;
- ұлттық ұйымдардың ішкі ісіне араласпау;
- Ұлттық Олимпиада комитеттерінің толық теңдігі;
- ұлттық беделді құрметтеу.

Халықаралық қатынастардың бөлігі ретіндегі халықаралық спорттық байланыстардың, оның ішінде халықаралық спорттық ойындардың теориялық аспектілері бүгінгі таңда ғылымдағы жеткіліксіз өңделген мәселелер қатарына жатады. Дей тұрғанмен, қолда бар тәжірибелер мен мысалдарға сүйене отырып, халықаралық спорттық байланыстардың негізгі формалары мен қатысушыларын бөліп қарауға болады.

Оның аса маңызды мақсаттары:

- әлемдік бейбітшілік пен ұлттараралық толеранттылықты нығайту;
- мемлекетаралық, этникааралық, мәдениетаралық қатынастарды күшейту;

- халықаралық мәдени баланыстарды кеңейтіп, басқа мәдениеттермен танысу;

- мемлекетаралық, этносаралық шиеленістерді төмендетіп, қақтығыстарды реттеу;

- мемлекеттер мен халықтардың оңтайлы об-раздарын қалыптастыру.

Халықаралық спорттық байланыстар – бұл түрлі формаларда дамитын күрделі, динамикалық құбылыс. Халықаралық спорттық байланыстардың негізгі формаларына келесілер жатады:

- халықаралық спорттық жарыстар (олимпиадалық ойындар, әлем чемпионаттары, құрлықтық біріншіліктер, мәселен Еуропа чемпионаты, жолдастық кездесулер және басқалар);

- бірлескен жаттығулар, жиындар;

- спорт саласында спортшылар, тренерлер, мамандар делегацияларымен алмасу;

- спорт саласындағы тәжірибемен, ақпаратпен, әдебиеттермен және басқа да материалдармен алмасу;

- дене шынықтыру және спорт бойынша келісімдер жасау.

Халықаралық спорттық байланыстардың толеранттылық пен бейбітшілікті нығайтудағы маңызды формаларының бірі жарыстар мен сайыстар болып табылады, оларды келесідей түрде классификациялауға болады:

- Олимпиада ойындары.
- Ресми әлемдік және құрлықтық чемпионаттар.
- Кубоктық жарыстар.
- Аймақтық ойындар.
- Ұлттық біріншіліктер (оларды шетелдік спортшылардың қатысуларымен өткізуге болады).
- Халықаралық жолдастық спорттық кездесулер.

Спорт саласындағы халықаралық баланыстардың динамикалық түрде дамып келе жатқан формасы – ол халықаралық спорт қозғалысының өзекті проблемалары шешілетін конгрестер, ассамблеялар, конференциялар, симпозиумдар болып табылады. Мұндай іс-шаралар келесідей міндеттерді шешеді:

- халықаралық спорттық ынтымақтастықтың жалпы перспективаларын анықтайды;

- басқа халықаралық спорт ұйымдарымен байланыстар орнатады;

- спорт, дене шынықтыру, саламатты өмір салтын көпшілікке насихаттайды;

- спорттық ынтымақтастықтың негізгі міндеттері мен мазмұнын қалыптастырады.

Қарастырып отырған тақырыбымызда Олимпиадалық ойындардың орны ерекше. Өйткені, ол

халықаралық ойындардың, бүгінгі әлеуметтік-спорттық шаралардың ішіндегі тек спорт саласына ғана емес, сондай-ақ, елдің саясаты мен экономикасына әсер етуші басты фактор.

Пьер де Кубертеннің ойы бойынша, Олимпиадалық сайыстар ұлттар мен мемлекеттер арасында өзара түсіністік пен бейбітшілікті орнықтырып, нығайтуы тиіс болатын және ол солай болды да. Сол үшін де, олимпиадалық ойындардың пайда болуының өзі тек спорттық феномен ғана емес, сонымен бірге бір мезетте саяси феномен де болып табылды [4].

Халықаралық спорттық ойындар, сонымен бірге ХХІ ғасырдағы халықаралық мәдени алмасудың маңызды құралының бірі. Олай дейтін себебіміз, жоғары спорттық технологиялар саласындағы қуатты серпіліс көптеген әлем елдерінде спорттық ғимараттар, құралдар, киімдер жасаудың жаңа технологиясында өзара алмасу жүргізуге ықпал етуде. Ал бүгінгі медициналық технология дәстүрлі емес фармокологиялық қолдаулар мен спортшының жұмыс қабілетін қалпына келтіру құралдарын қолдануға мүмкіндік береді. Олар бүкіл әлемдік спорт индустриясының жетістігіне айналып отыр.

Осылайша, спорт әлемдік қауымдастық қажетті жоғары әлеуметтік құндылығы бар бірегей өнімді жасап, дамытып отыр. Әлеуметтанушылардың болжамдары бойынша, спорт әрі қарайғы дамуында ұлттық және құрлықтық тұрғыда біріге бастайды. Қазірдің өзінде түрлі мемлекеттердің спортшылары басқа ұлттық командаларда ойнап, ұлттық ашық біріншіліктерге қатысып, түрлі ұлттық орталықтарда жаттығуда, жаттықтырушылар әр түрлі ұлттық командаларда жұмыс істеуде. Ғылым мен әдістеме саласындағы жетістіктер әлем спортшыларының барлығының қазынасына айналуға. Оның элементтері ретінде әлемдік әлеуметтік-саяси жүйеге Еуропа Кеңесіндегі спорт ісі жөніндегі Комитет, спорт түрлері бойынша халықаралық спорт федерациялары, тұрғындардың физикалық ахуалын бағалау жөніндегі халықаралық комитеттер және т.б. енуде. Халықаралық ойындар мен спортты дамыту мәселелері БҰҰ-да, мемлекеттер парламенттерінде қаралып, халықаралық декларациялар қабылдануда.

Қазақстан мемлекеті президенттік республика болып табылады. Жоғары заң шығарушы органы Парламент, атқарушы билік Үкімет болып есептеледі. Бұл құрылымдарда «Дене шынықтыру және спорт» саласы бойынша заңнамалық-құқықтық база және заң жобалары жасалып, бекітіледі.

Дене шынықтыру мен спортты дамытудағы мемлекетті басқаруды Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің (бір кездері агенттік) Дене шынықтыру және спорт Комитеті жүзеге асырады. Ол осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асырып, облыстық, қалалық, аудандық дене шынықтыру және спорт басқармалары мен бөлімдер жүйесін басқарады. Жалпы мемлекетте спорт – білім және ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет және туризм, қорғаныс, ішкі істер министрліктері, ҰҚК мен шекара әскерлерінің құрылымдарында нақты позицияны иеленіп отыр.

Сол үшін де көп ұлтты біздің еліміз үшін де толеранттылық пен бейбітшілікті берік ұстанып, нығайту мақсатында жоғарыда аталып өткен халықаралық спорттық ойындар мен шараларды ұйымдастыру, спорт саласындағы халықаралық байланыстарды жоғары деңгейде дамытудың маңызы аса зор деп есептейміз.

Әрине, егемендік алғаннан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасында спорт саласына қатысты ауыз толтырып айтарлық игі бастамалар мен ауқымды шаралар жүзеге асырылып келе жатқаны да белгілі. Олардың бірсыпырасын келесі дәйектерден көруге болады:

– 1992 жылы егеменді Қазақстан Республикасы спортшыларының тәуелсіз достастық елдердің бірлескен командалары құрамында алғаш рет Барселонадағы Олимпиада ойындарына қатысуы;

– 1992 жылы Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің құрылуы;

– 1995 жылғы ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасында бұқаралық спортты дамыту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Жарлығы;

– 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңы;

– 1996 жылғы ҚР Президенттік тестілеудің бекітілуі туралы ҚР Үкіметінің Қаулысы;

– Қазақстанның спорт түрлері бойынша федерацияларының құрылуы;

– 2006 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны қабылдау туралы Президент Жарлығы;

– 2007 жылғы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы Үкімет Қаулысы;

– Қазақстан спортшыларының 1996, 2000, 2004, 2008, 2012, 2016 жылдардағы жазғы Олимпиада ойындарында жалпы саны 69 медальды иеленуі;

– 2011 жылы Қысқы Азиада ойындарын өткізуі;

– 2011 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Қазақстан барысы республикалық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

– 2012 жылы ҚР Президенті жүлдесі үшін Еуразия барысы халықаралық турнирінің алғаш рет ұйымдастырылуы;

– 2016 жылы ҚР дене шынықтыру мен спортты дамыту 2025 жылға дейінгі Концепциясының қабылдануы;

– 2017 жылы Қысқы Универсиаданы өткізуі және т.б.

Елбасының тікелей ұйытқы болып, қолдауының арқасында Қазақстан Республикасы өзінің егемендігі жылдарында бірнеше әлемдік және халықаралық додалар мен жарыстарды өткізіп үлгерді. Атап айтқанда, 1997 жылы Орталық Азия ойындары, 2011 жылы Қысқы Азиада және 2017 жылы Бүкіләлемдік Универсиада Қазақ жерінде жоғары деңгейде өтсе, 2022 жылы өтетін Қысқы Олимпиаданы өткізетін жеті елді іріктеу шарасында Қазақстан Қытай мемлекетімен бірге ақтық финалға дейін жетті.

Қазақстан жерінде Азиада мен Универсиаданы өткізу ерекше саяси шешім болып табылады. Олар тек Қазақстанның халықаралық мәртебесін өсіріп қана қоймай, сондай-ақ, қысқы ойын түрлері бойынша инфрақұрылымдарды жоғары деңгейде құруға, сондай-ақ ең бастысы бейбітшілік пен достықтың, толеранттылықтың нағызқазақстандықүлгісінкөрсетіп,насихаттауға мүмкіндік берді. Осындай мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі шараларды жүзеге асырып келе жатқан Қазақстанның әлемдік спорттық державалармен иық теңестіруге қатысты барлық мүмкіндіктері бар. Ол үшін әлі де болса алда қол жеткізер мақсаттар мен атқарылар міндеттердің мол екені және әлемдік алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелес бола алатынымыз сөзсіз.

Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақ-

стандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» – деген болатын.

Бүгінде Қазақстанда бейбіт өмір сүріп отырған көп санды ұлттар мен этностар арасындағы толеранттылық пен достастық қатынастарды сақтауда ел спортын, оның ішінде бұқаралық және ұлттық спортты дамытудың маңызы зор. Осы орайда, елімізде Елбасы Н. Назарбаевтың бастамашылдығымен, Қазақстан халқы Ассамблеясы және Спорт Комитеті бірлесіп ұлттық спорт ойындарын, фестивальдер сияқты ауқымды шаралар жүзеге асырып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Корпоративтік қорының бастамасымен 2008 жылы өңірлік спорт құрылымдарымен бірлесіп Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Талдықорған қалаларында спорттың бұқаралық түрлері бойынша ұлттық-мәдени орталықтар арасында Спартакиадалар өткізілді. Мыңнан аса адамды қамтыған бұл сайыс нағыз спорт пен достықтың мерекесіне айналды.

Қазақстанда этномәдени бірлестіктер арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру, дене шынықтыру мен спорт бағыттарындағы шаралар көбіне «Наурыз», «Қазақстан халқының бірлігі күні» сияқты мерекелер мен «Денсаулық фестивалі» шеңберінде ұйымдастырылады. Елде қоныстанған ұлттар мен ұлыстардың бірлігін дене тәрбиесі мен спорт құралдары арқылы сақтап, нығайту еліміздің ішкі тұрақтылығын, тұрғындардың саламатты өмір салтын, дені сау ұрпақ болашағын қамтамасыз етудің басты негізі болып табылады.

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2030 жылға дейін экономикалық, әлеуметтік биіктерге көтерілу үшін рухани байлықтың, денсаулықтың қажеттігі атап көрсетілгені мәлім [5]. Сондықтан да ұлттық мәдениетіміздің бір саласы болып табылатын ұлттық спортымыздың тарихын, этнографиясын зерттеп, насихаттап халыққа жеткізу және ұлттық ойындарымыз бен спортымыздың әлемдік өркениеттегі орны мен рөлін көрсетуге, сондай-ақ, толеранттылық пен бейбітшілікті ту ете отырып, халықаралық спорттық шаралар қатарын көбейтуге және халықаралық спорттық байланыстарды ұлғайтуға баса назар аудару аса қажет.

Қорытынды

Мақала құрамында келтірілген талдаулар мен пікірлер, мәліметтер мен ақпараттарды саралай отырып келесідей қорытындылар жасауға болады:

Біріншіден, халықаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастырып өткізуде ғаламшар халықтары үшін басты ұтыс – ол өзара түсіністік пен достық, толеранттылық пен бейбітшілікке қол жеткізу болып табылмақ. Сондықтан да бұл түсініктер кез келген халықаралық шараның басты девизи болып есептеледі. Өйткені, халықаралық спорттық ойындар мен іс-шаралар барысында халықаралық спорттық байланыстар дамып, ол әлемдегі бейбітшілік элементтерін нығайтудың басты факторларының бірі болып қала береді.

Екіншіден, бүгінгі таңда қоғамның барлық саласында интеграциялық даму үрдісі біртіндеп жыл санап дамып келеді. Осындай саяси, әлеуметтік-экономикалық және инновациялық технологиялардың үлкен серпінмен бірлесе даму кезеңінде халықаралық спорттық байланыстарды да жетілдірудің маңызы аса зор. Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы имиджін жоғарылату үшін де осы аталған шараларды қолданып, жүзеге асырудың берер пайдасы мол.

Үшіншіден, жалпы әлемдік қауымдастық арасында бейбітшілік пен толеранттылық нормаларын толық ұстанып, адамзаттық құндылықтарды сақтаудың маңызды бірегей

факторы – ол халықаралық спорттық ойындар деп есептеледі. Өйткені, спорт жалпы мәдениеттің дене тәрбиесі мен спецификалық формасының бір жағы. Олай дейтін себебіміз, спортпен шұғылдану, түрлі жарыстарға қатысу, спортшылар арасындағы араласу, биік нәтижелерге қол жеткізу және оларды баспасөзде, радио мен теледидарда жарыққа шығарып көрсету, адамды неғұрлым тәртіпті, жинақы, сыпайы, интеллектуалды, адамгершілікті әрі моральдық тұрақты етеді. Әрине, мұның барлығы бейбітшілікті нығайтудағы негізгі алғышарттар екені сөзсіз.

Жалпы алғанда, бүгінгі таңдағы спорт, әсіресе, олимпиадалық ойындар мен халықаралық спорттық іс-шаралар ұлттар мен халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтудың, өзара тиімді ынтымақтастықты қалыптастырудың, спорттық байланыстарды кеңейту мен спорттық интернационализмді дамытудың маңызды құралына айналды. Ал әлем елдерінде Ұлттық Олимпиада Комитеттерінің құрылуы спорт саласындағы әлемдік қауымдастық қатынастарын дамытуға даңғыл жол ашты. Сондықтан да қазіргі кезеңдегі олимпиадалық қозғалыстар әлемдегі ең қуатты әлеуметтік құбылыс болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Озерская Е. Олимпиада ойындары – М., 1986. – 42 б.
- 2 Кун Л. Дене тәрбиесі мен спорттың жалпы тарихы. – М., 1982.
- 3 <http://www.olympic-history.ru>. Олимпиадалық қозғалыс тарихы.
- 4 <http://www.studfiles.ru>. Халықаралық спорттық байланыстар.
- 5 ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» Қазақстан халқына арнаған Жолдауы.
- 6 <http://www.inform.kz>.

Болдырев Б.Н., Андрущишин И.Ф., Санауов Ж.А.

Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан

СПОРТ ВЫСШИХ ДОСТИЖЕНИЙ И ИННОВАЦИОННО-ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Болдырев Б.Н., Андрущишин И.Ф., Санауов Ж.А.

Спорт высших достижений и инновационно-информационные технологии

Аннотация. В статье обобщены научно-методические публикации, затрагивающие некоторые современные тенденции и проблемы спорта высших достижений. Уровень современного спорта достиг такой стадии своего развития, когда важная роль в повышении спортивных результатов отводится новым подходам, основанным на научных и инженерных изысканиях. Новые спортивные арены, новейшие достижения в деле создания специальных условий для тренировок и соревнований, конструирование и применение специальной экипировки привели к резкому улучшению результатов сильнейших спортсменов мира и наметили основные направления поступательного развития, с которыми спорт как важное социальное явление входит в XXI век. Такие изменения функций спорта необходимо учитывать, всячески стимулируя ориентацию на спорт, делая его одним из наиболее надежных объектов современной ценностной иерархии.

Ключевые слова: нейронные сети, обучающие программы, искусственный интеллект, генная инженерия.

Boldyrev B.N., Andruchshishin I.F., Sanauov G.A.

Sport of higher achievements and innovative – information technologies

Abstract. The article summarizes the scientific and methodological publications that cover some of the current trends and problems of sport of higher achievements. The level of modern sports has reached a stage in its development when an important role in improving sports results is given to new approaches based on scientific and engineering research. New sports arenas, the latest achievements in the creation of special conditions for training and competitions, the design and application of special equipment led to a sharp improvement in the results of the strongest athletes of the world and outlined the main directions for the progressive development with which sport as an important social phenomenon enters the 21st century. Such changes in the functions of sport must be taken into account in every way stimulating the orientation towards sport, making it one of the most reliable objects of the modern value hierarchy.

Key words: neural networks, the teaching programs, artificial intelligence, genic engineering.

Болдырев Б.Н., Андрущишин И.Ф., Санауов Ж.А.

Инновациялық-ақпараттық құралдар мен жоғарғы жетістіктердегі спорт

Аңдатпа. Мақалада жоғары жетістіктегі спорттағы, мәселелер мен кейбір заманауи үрдістерді, ғылыми-әдістемелік басылымдарды байланыстырған. Қазіргі спорт деңгейі спорт нәтижелерін жаңа көзқараспен көтеру маңызды роль атқаратын ғылыми және инженерлік зерттеулерге негізделген өз даму кезеңіне жетті. Жаңа жетістіктерге жету үшін жарыстар мен жаттығуларға арнайы жағдайлар жасау, жаңа спорт ареналары, арнайы киімдер әлемнің мықты спортшыларының нәтижелерін бірден жақсартуға әкелді, сонымен қатар ХХІ ғасырдағы маңызды құбылыс болып табылатын прогрессивті дамудың негізгі бағыттарын көрсетті. Осындай спорттағы іс-әрекеттерге өзгерістерді спортқа барынша ынталандыру мақсатында оны қазіргі заманғы құндылықтардың бірі ретінде қарастыру керек.

Түйін сөздер: нейрондық желі, оқыту бағдарламалары, жасанды парасат, гендік инженерия.

Актуальность исследования. На стыке веков мы, как и прошлые поколения, вновь оказались между настоящим и будущим. XXI век принес миру технологический взрыв, позволивший осуществить создание нанообъектов в самых разных областях, включая инженерную генетику. Во многом это происходит благодаря внедрению технологий искусственного интеллекта. Анализируя и дифференцируя громадные массивы накопленных данных, искусственный интеллект способен самообучаться и не только подражать человеческому мышлению, но и превосходить его. В ходе теперь уже четвертой технологической революции в очередной раз изменяется все: беспилотные электромобили с искусственным интеллектом и вертикальном подъеме уже не только мчатся по дорогам, но и, расправив крылья, летают из одной точки в другую как воздушные такси; интеллектуальные системы управления не только регулируют температуру и влажность, но и включают и выключают, исходя из целесообразности, бытовые приборы в домах. Современные принтеры уже печатают детали самолетов и ракет, протезы для людей, строительные материалы, обувь, в том числе спортивную, жилые дома и многое другое.

Спорт, завоевав сердца миллионов поклонников, как наиболее притягательное и популярное массовое зрелище, конечно же, не может оставаться за бортом научно-технического прогресса, хотя бы по той причине, что: «Глобальная конкуренция в спорте будет постоянно усиливаться, что диктует необходимость разработки высокотехнологических подходов к развитию спорта высших достижений, основанных на использовании новейших достижений науки и практики. И сегодня многими спортивными державами эта задача успешно решается. Значительно возросли спортивные достижения по летним олимпийским видам спорта в Китайской народной республике, сохраняют на высоком мировом уровне спортивный статус Соединенные штаты Америки, усиливают спортивные позиции Великобритания, Германия и ряд других стран» [1].

К настоящему времени существует настоятельная необходимость сделать акцент на качестве научных исследований, выработав наиболее целесообразный и верный стратегический подход к диалектическому единству научной теории и повседневной спортивной практики. Решение проблем повышения качества спортивной науки достаточно сложно и многообразно. Они включают в себя как оперативные меры, требу-

ющие реализации в специальных научных, педагогических учреждениях, так и стратегические [2]. Между тем, на фоне ускорения прогресса в целом темпы развития спортивной науки представляются замедленными, ее технико-методологический арсенал выглядит недостаточно современным, а порой и архаичным. Необходимо всесторонний творческий поиск новых тактических и стратегических путей, кардинально иное отношение к проблемам качества научных исследований. Вопросы повышения качества исследований в спорте одни из самых главных. Они тесно связаны со следующими факторами:

- улучшением организации научно-исследовательской работы;
- сочетанием научной глубины и прикладного характера спорта;
- обобщением и анализом последних достижений практики;
- повышением роли метрологического контроля.

Все это, естественно, ставит перед учеными вопросы поиска объективных критериев оценки спортивных результатов. Следует подчеркнуть, что однозначного критерия оценки качества спортивной продукции, по-видимому, не существует. Но, как нам кажется, качество научной продукции в значительной мере определяется эффективностью внедрения новых разработок в спортивную практику.

Следует отметить, что спорт высших достижений уже достаточно давно находится в сфере научного прогресса. Те же электронные системы фиксации результатов, к примеру, применяются в циклических видах спорта с 60-х годов прошлого века. Сегодня аналогичные системы приходят на помощь арбитрам и болельщикам уже и в игровых видах спорта и даже в единоборствах, где судейство всегда носило визуально-субъективный характер. Инновационные технологии изготовления спортивного инвентаря, оборудования, спортивной экипировки и многих других составляющих спортивного мастерства и результативности, на постоянной основе, продолжают обеспечиваться прогрессивными достижениями науки и техники.

Однако, некоторые проблемы и аспекты спортивного совершенствования по-прежнему далеки от наиболее актуальных научных достижений. Прежде всего, это относится к генной инженерии, информационным и иным компьютерным технологиям последнего поколения. Связано это, прежде всего, с достаточно большой дистанцией, существующей между послед-

ними достижениями науки и имеющейся спортивной практикой. Сократить эту дистанцию возможно только совместной деятельностью ученых, спортивных организаторов и тренеров. Понятно, что тема эта неисчерпаема, поэтому мы затронем лишь некоторые её аспекты.

Цель исследования – выявление наиболее актуальных технологических характеристик в методике повышения спортивного мастерства для подготовки к ответственным международным соревнованиям.

Задачи исследования:

1. Изучить современное состояние дел и перспективы научного обеспечения спорта высших достижений.

2. Увязать необходимость высокого качества менеджмента научных исследований с решением задач по получению прав на проведение зимних Олимпийских игр 2026 года в Алматы.

Методы исследования. Для решения поставленных задач были использованы методы анализа и обобщения специальной отечественной и зарубежной научно-методической литературы, а также информационной сети Internet.

Результаты исследования и их обсуждение. Прежде всего, следует отметить, что использование в настоящее время инновационных технологий создает абсолютно новые возможности для развития спорта высших достижений. «Причем, для повышения спортивных результатов целесообразно использовать не отдельно взятый метод, а применить комплексный научный подход. Например, можно эффективно сочетать биомеханические, психологические тесты с физиологическими показателями спортсменов, используя соответствующие методы математико-статистической обработки и корреляционного анализа» [3].

Человечество давно задавалось вопросом, как распознать искусственный интеллект. В середине прошлого века сошлись на тесте, предложенном математиком А. Тьюрингом. Эксперты должны задавать людям и компьютерным программам любые вопросы и пытаться на основании ответов понять, с человеком они общаются или нет. Если большинство проверяющих примет компьютерную программу за человека, то значит, искусственный интеллект существует.

Следует отметить определенную роль социального института спорта в развитии искусственного интеллекта. Именно спорт, а точнее, хорошо всем известная спортивная игра – шахматы, а также подобная им древняя китайская игра – го явились базовой платформой в процессе самообу-

чения искусственно сформированной нейронной сети, способной генерировать методы, правила и алгоритмы обработки имеющейся информации и являющейся основой для создания и совершенствования искусственного интеллекта. В 2016 г. в Южной Корее программа AlphaGo обыграла чемпиона мира по древнекитайской игре «го» Седоля Ли. Казалось бы, что тут удивительного? В шахматах компьютеры давно побеждают гроссмейстеров. Но шахматные ходы поддаются просчету методом аналитического перебора, а в го огромное количество возможных вариантов, что все их просто не перебрать, даже компьютеру. До недавнего времени считалось, что хорошо играть может только человек благодаря своей уникальной интуиции. Удар по человеческому превосходству нанесла интеллектуальная самообучающаяся программа. Она изучила многие партии, миллиарды раз сыграла сама с собой и выработала какую-то собственную алогичную стратегию игры, незнакомую даже признанным мастерам, подчинявшим свои действия привычной для всех людей логике.

Искусственный интеллект на основе нейронных сетей – достаточно новый термин, требующий пояснения. Особенность нейронной сети состоит в том, что для достижения каких-либо задач не пишется алгоритм, а готовится самообучающаяся структура из элементов, связанных друг с другом подобно нейронам в мозгу человека. Затем структуру учат выполнять логические задачи и после обучения получают новый алгоритм, куда более эффективный, чем, если бы его готовили по общепринятой сегодня программе.

Сеть состоит из нескольких слоев: первый обрабатывает сигнал и передает информацию второму слою, второй – третьему и так далее, на выходе получается результат, – объясняет принцип работы глава N-tech.lab Артем Кухаренко. При этом сеть работает по принципу «черного ящика». Даешь запрос, получаешь ответ, а как именно это происходит – непонятно. Самое поразительное – как конкретно программа узнает лица. После длительного обучения нейросеть выработала какие-то абсолютно свои методы работы с изображениями. «В этом отношении мы вернулись в XVI век, когда ученые наблюдали какой-то эффект, но не могли его объяснить, – констатирует академик РАН, математик Александр Кулешов. Процесс обучения достаточно мистический, потому что непонятно, как это происходит. Там, внутри, конечно, работают некоторые математические алгоритмы, в том

числе оптимационные и тому подобные, но как в целом осуществляется процесс, мы не понимаем» [4].

Как известно, в спорте высших достижений большое значение имеет спортивный прогноз, который, как и прежде, базируется на отборе лучших из лучших, вначале начинающих, затем наиболее перспективных, участвующих в престижных турнирах. Новое направление в спортивной науке позволяет определить по генетическому коду предрасположенность занимающихся к тому или иному психологическому типу и, соответственно, виду спорта. Итоговый отбор – только с учетом генного анализа. Тренер должен достоверно знать все природные качества, заложенные в юном спортсмене. Ясно, что не существует специального гена, который отвечал бы конкретно за ту или иную конкретную специализацию. Вместе с тем, есть гены, которые указывают, что у человека повышенная реакция или гибкость, скорость или выносливость. А это основа, с которой тренеры давно научились работать. Генный анализ позволяет наиболее точно определить вид спорта, в котором атлет сможет достигнуть наибольшего успеха.

Благодаря инновационно-информационным технологиям спортивная наука существенно продвинулась в определении нейрофизиологических коррелят спортивной работоспособности. «Уже установлено положительное влияние интенсивных физических нагрузок на нейротрофические процессы в мозге. Выявлены особенности региональной морфологии и физиологии мозга с определенными двигательными и кондиционными способностями. Описаны нейрофизиологические характеристики различных спортивных состояний. С позиций нейрофизиологии и психофизиологии рассматриваются вопросы идеомоторики, управления движением, проприорецепции. Данные сведения позволяют ученым и специалистам понять механизмы, лежащие в основе производительности спортсменов при различных видах их деятельности» [5].

И хотя в мировой практике метод отбора с помощью генного анализа делает первые шаги, в Казахстане уже успешно развивают это направление, причем в сотрудничестве со многими университетами и спортивными лабораториями. Среди партнеров Восточно-Казахстанских исследователей аналитические центры в Астане, Новосибирске, Москве и даже в Австралии. Главное – при собственных наработках по отбору спортивных талантов на раннем этапе отпадает искушение применять допинг. Таким обра-

зом, появляется реальная возможность растить так называемых «чистых» спортсменов.

Не теряет актуальности проблема получения информации о тех или иных спортсменах-соперниках и их тренерах, причем, не только из открытых, но и закрытых источников. Специальные инновационные устройства автоматически загружают данные в облачные серверы, после чего они могут оказаться в распоряжении любого человека. В рамках маркетинговых приглашений к видеохостингу по базам публичных видео- и фотофайлов был создан сервис find face, позволяющий устанавливать личность любого человека по его фотографии. Прогресс в этой технологии достаточно быстро приведет к идентификации личности по отпечаткам пальцев, голоса и другим индивидуальным особенностям. В Австралии, например, планируют отменить проверку паспортов в аэропортах и внедрить высокотехнологичную систему установления личности пассажиров. В воздушных гаванях страны установят приборы, которые будут сканировать лица, сетчатку глаза и/или отпечатки пальцев путешественников, сопоставляя эту информацию со сведениями из базы данных. Установление личности пассажира будет происходить автоматически и не займёт много времени. В ноябре 2017 г. новые технологии будут внедрены в аэропортах Канберры, Сиднея и Мельбурна без предъявления документов, удостоверяющих личность. На посадку по фейс-контролю можно будет пройти в самолет и в лондонском аэропорту Хитроу.

К спорту высших достижений эти инновации тоже могут иметь непосредственное отношение. Известны случаи, когда спортсмены, отбывающие дисквалификацию за различные нарушения, в том числе антидопинговые, ухитряются получить новые липовые паспорта на другие фамилии и с их помощью участвовать и даже побеждать в международных турнирах. При применении вышеупомянутых технологий это окажется невозможным.

Большие изменения уже происходят в системах сбора и хранения разного рода спортивных данных. Теперь можно фиксировать различные этапы учебно-тренировочной деятельности (своей или соперника) с помощью специальных очков виртуальной реальности. Впервые в истории вся информация хранится вечно, хотя еще недавно этот период составлял только несколько часов. В настоящее время имеющиеся компьютерные программы дают человеку механизмы постоянной фиксации жизни. А всё что попадает в социальные сети, остается там навечно.

Невозможно оставить без внимания успехи ученых, стараниями которых стало возможным применение современных принтеров, вначале в формате 3D, а теперь уже и 4D. Здесь речь идет о печатной обуви, включая спортивную. Печатная обувь может быть очень комфортной, так как повторяет форму стопы, и вообще, ее можно делать по индивидуальному заказу того или иного спортсмена. Основным материал, из которого ее изготавливают, – нейлон. Подошву печатают из фотополимера. 3D-туфли «Energetic Pass» уже назвали самыми удобными в мире. Их создатель – израильский дизайнер Нета Сорек сканировала положение стопы во время движения, обработала данные на компьютере и спроектировала «идеальные туфли». В 2017 г. всемирно известная фирма «Адидас» начала производить обувь, включая кроссовки на 4D-принтере. В немецкой компании рассчитывают продать не менее 5 тысяч пар обуви в 2017 году и до 100 тысяч – в следующем. Выпуск кроссовок «Future craft» 4D, изготовленных с применением 4D-печати, может стать революцией в отрасли [6].

В ходе проведенного нами исследования было установлено, что применяемые в настоящее время современные информационно-коммуникативные технологии оказывают существенное влияние на точность результатов, их соответствие фактическому соотношению сил единоборцев. Здесь следует обратить внимание на большой вклад в решение вышеназванных проблем казахстанских разработчиков новых технологий из национальной Федерации каратэ-до (WKF). По их инициативе была внедрена

обязательная процедура видеоповторов. Благодаря этому, на чемпионатах Азии протесты тренеров были сведены практически к нулю. Ими же была модернизирована электронная система жеребьевки – выбора судей на поединок. Всё это лишний раз доказывает очевидность необходимости внедрения технических систем фиксации и учета спортивных достижений на спортивных соревнованиях любого ранга.

Таким образом, по завершению исследования есть основания сделать следующие **выводы**:

1. Научное обеспечение массового спорта и спорта высших достижений в Республике Казахстан не отвечает требованиям, которые предъявляет современный уровень развития спорта в мире.

2. Проблемы научно-технологического обеспечения спорта высших достижений приобретают особую актуальность в связи с намерениями Казахстана претендовать на проведение в Алматы зимних Олимпийских игр 2026 г.

3. Учебно-тренировочный процесс казахстанских спортсменов, претендующих на медали высокой пробы, должен обеспечиваться на основе самых последних достижений спортивной науки и спортивно-технологических инноваций.

4. Отбор сильнейших спортсменов в национальные сборные команды для участия в международных спортивных соревнованиях следует осуществлять с опорой на использование инновационно-информационных научных технологий, а не уповать на приглашение иностранных легионеров.

Литература

- 1 Закирьянов К.К. Развитие спорта и спортивной науки в Республике Казахстан //Матер. VIII Междунар. научн. конгресса «Современный олимпийский спорт и спорт для всех» – Алматы, 2004. – С. 199.
- 2 Хаустов С. И. Научно-методическое обоснование подготовки высококвалифицированных тяжелоатлетов //Теория и методика физической культуры. – Алматы, 2016. – № 1. – С. 105.
- 3 Шестаков М.П. Искусственный интеллект в спортивной науке XXI века //Теория и практика физкультуры. – 2000. – №7. – С. 8-13.
- 4 Нас заменит имитация? //Дайджест «Время» от 25.08.2016 г. – С. 31.
- 5 Корягина Ю.В. Нейрофизиологические предикторы управления спортивной работоспособностью (анализ инновационных исследований зарубежных лабораторий за 2010-2016 гг.) //Теория и практика физической культуры. – 2017. – №1. – С. 104.
- 6 4D-кроссовки // Газета «Время» от 13.04.2017 г.

Токтарбаев Д.Г.-С., Бисингалиева С.Б., Байсалбаева Б.Ж.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

АНТИДОПИНГОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Токтарбаев Д.Г.-С., Бисингалиева С.Б., Байсалбаева Б.Ж.

Антидопинговая деятельность Республики Казахстан

Аннотация. В Республике Казахстан уделяется повышенное внимание спорту во всех его проявлениях, в том числе пропаганде справедливого «чистого» спорта и искоренению использования допинга в спорте. В статье представлена информация о Всемирном антидопинговом агентстве, антидопинговом законодательстве, об эффективности внедрения биологического паспорта спортсмена в борьбе с применением допинга в спорте. Также в статье изложены методы, применяемые в области предотвращения и борьбы с допингом в казахстанском спорте. Проведен анализ деятельности Национального антидопингового центра, а также его роли в противодействии применению допинга в спорте, содействии в охране жизни и здоровья людей, занимающихся физической культурой и спортом. В заключении отражается ряд факторов, которые влияют на качество антидопинговой деятельности Республики Казахстан.

Ключевые слова: допинг, искоренение допинга в спорте, допинг-контроль, образовательные программы, Всемирное антидопинговое агентство.

Toktarbayev D.G.-S., Bisingaliev S.B., Baisalbayeva B.Zh.

Anti-doping activity of the republic of Kazakhstan

Abstract. In the Republic of Kazakhstan, attention is paid to sports in all its manifestations, including the promotion of fair «clean» sports and the eradication of the use of doping in sport. The article provides information about the World Anti-Doping Agency, anti-doping legislation, the effectiveness of the introduction of the Athlete's biological passport in the fight against the use of doping in sport, and describes the methods used in the field of doping prevention in Kazakhstan's sport and fighting it. The activity of the National Anti-Doping Center and its role in countering the use of doping in sport and assistance in protecting the life and health of people engaged in physical culture and sports are analyzed. In conclusion, a number of factors that affect the quality of anti-doping activity of the Republic of Kazakhstan are reflected.

Key words: doping, the eradication of doping in sport, doping control, educational programs, the World Anti-Doping Agency.

Токтарбаев Д.Г.-С., Бисингалиева С.Б., Байсалбаева Б.Ж.

Қазақстан Республикасының допингке қарсы қызметі

Аңдапта. Қазақстан Республикасында спортқа және оның барлық көрінісіне көп көңіл бөлінеді, соның ішінде әділ «таза» спортты көтермелеу және спорттағы допингті жою. Бұл мақалада Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігі, допингке қарсы заңнама, спорттағы допингке қарсы күресті қолданумен спортшының биологиялық паспортын енгізудің тиімділігі туралы, сонымен бірге қазақстандық спортты допингтен арылту және онымен күрес саласында қолданылатын әдістер көрсетілген. Дене шынықтыру және спортпен айналысатын адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға көмек көрсету және спортта допингті қолдануға қарсы әрекет етудің рөлі және Ұлттық допингке қарсы күрес орталығының қызметі талданады. Қорытындыда Қазақстан Республикасы допингке қарсы қызметтің сапасына есер ететін факторлар қатары көрсетілген.

Түйін сөздер: допинг, спорттағы допингті жою, допинг бақылау, білім беру бағдарламалары, Дүниежүзілік допингке қарсы күрес агенттігі.

Введение. Спорт играет важную роль в охране здоровья, нравственном, культурном и физическом воспитании, а также в содействии укреплению международного взаимопонимания и мира, отмечая необходимость поощрения и координации международного сотрудничества, направленного на искоренение допинга в спорте [1].

Сегодня в Казахстане особое внимание уделяется развитию физической культуры и спорта, активно развивается и пропагандируется как любительский, так и профессиональный спорт. Наблюдается повышенный интерес детей к занятиям физической культурой и спортом. При этом стратегически важную роль играет развитие детского и молодежного спорта, от которого напрямую зависят развитие спорта высших достижений и успешное выступление национальных сборных команд на мировой спортивной арене.

В настоящее время применение допинга стало одной из самых актуальных проблем в мировом спортивном движении. Допинг ставит под угрозу этические принципы и воспитательные ценности спорта. В связи с использованием спортсменами допинга наблюдаются отрицательные последствия для их здоровья, а также нарушается принцип справедливой игры.

Допинг (запрещенные субстанции и (или) методы в спорте) – химические соединения (вещества, лекарства) и методы, включенные в запрещенный список Всемирной антидопинговой организации и Международного стандарта Всемирной антидопинговой организации, в том числе использование или попытка использования субстанции и (или) метода, включенных в перечни субстанций и (или) методов, запрещенных для использования в спорте [2].

Противодействие допингу предусматривает работу в разных направлениях: совершенствование методов и организационных форм антидопингового контроля, разработка нормативной базы, перекрытие каналов поставки запрещенных веществ. Не менее актуально и такое направление деятельности, как создание и реализация обучающих и воспитательных программ, формирующих установку о недопустимости допинга и раскрывающих другие возможности для обеспечения роста спортивных результатов.

Все вышеназванное и обусловило выбор темы научной статьи и ее **актуальность**.

Методы исследований. В работе были использованы следующие методы: анализ и обоб-

щение научно-методической литературы, данных официальных интернет-ресурсов.

Результаты исследования и их обсуждение. Результаты проведенного исследования позволили выявить основные направления антидопинговой деятельности Республики Казахстан.

Казахстан в проводимой борьбе с допингом в спорте успешно и плодотворно сотрудничает с Всемирным антидопинговым агентством (далее – ВАДА). Всемирное антидопинговое агентство – независимая организация, учрежденная 10 ноября 1999 года в Лозанне (Швейцария) для координации борьбы с применением допинга в спорте, созданная при поддержке Международного Олимпийского Комитета, в течение последних лет последовательно ужесточает допинг-контроль. ВАДА координирует усилия по борьбе с допингом в спорте на международном уровне через образовательные и информационные программы, предназначенные для спортсменов всех возрастов в разных странах мира, а также через проведение научных исследований, подготовку и распространение материалов по борьбе с допингом [3].

Основным документом ВАДА является Всемирный антидопинговый кодекс, который вступил в действие с 1 января 2004 года.

Борьбу с допингом регламентируют Запрещенный список препаратов, который ежегодно обновляется и Международные стандарты для тестирования, лабораторий, терапевтических исключений.

Борьба с допингом в спорте в последние годы стала главным приоритетом казахстанской спортивной политики.

Масштаб проблемы, исходящей от допинга, огромен. Как показывает статистика, большинство проблем, связанных с применением запрещенных в спорте веществ и методов, вызваны отсутствием у спортсменов и их персонала элементарных знаний о своих правах и обязанностях, о том, какие препараты запрещены для использования в спорте, о процедурных аспектах допинг-контроля и др.

За последние годы Казахстаном проделана значительная работа в сфере борьбы с применением допинга. После подписания Антидопинговых правил в 2004 году и ратификации Законом Республики Казахстан «О ратификации Международной конвенции ЮНЕСКО о борьбе с допингом в спорте» в декабре 2009 года международной конвенции о борьбе с допингом в спорте, принятой 19 октября 2005 года в Париже, Казахстан закрепил свои обязательства и вступил в

межправительственное сотрудничество в области борьбы с допингом, а также принятия дальнейших и более активных совместных действий по искоренению допинга в спорте.

Аннотация. В работе рассмотрены вопросы применения современных методик из других видов спортивной борьбы в физическом и технико-тактическом совершенствовании борцов казах-кюрес. Отобранные методики были взяты за основу, были уточнены некоторые задания, количество их повторений, объем и интенсивность тренировочных нагрузок, возможность их применения в тренировочных циклах и тренировочных занятиях. Изменения вносились с учетом особенностей современных правил соревнований по казах-кюрес, длительности соревновательных встреч и требований к подготовленности участников соревнований по казах-кюрес. Результаты педагогических экспериментов по внедрению новых методик в учебно-тренировочный процесс специализирующихся по казах-кюрес, направленных на повышение уровня развития физических качеств и технико-тактического мастерства, позволяют нам сделать заключение, что применение современных методик более эффективно, чем традиционных. Разработанная нами методика по совершенствованию технико-тактического мастерства в казах-кюрес более эффективна, что подтверждается результатами педагогического эксперимента.

Ключевые слова: казах-кюрес, современные методики, физическая подготовка, технико-тактическая подготовка.

Өзектілігі. Қазақ халқының Ұлттық спорты – халқымыздың өмірімен бірге дамып келе жатқан мәдени жетістіктерінің маңызды бір саласы.

Қазақтың ұлттық спорты 1920-1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде: ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда колхозшылардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944-1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып өсіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт ойындарының өте кең тараған түрі: «Қазақ күресі».

Ұлт ойындары ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет-ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы, ұлт ойындарының дамуы тек қоғамның өзгеруіне байланысты әлеуметтік экономикалық жағдайдың негізінде дамып отырғанына көзіміз жетті.

Күрестің ұлттық түрі – қазақ күресі. Қазақ күресінің даму тарихы тереңде жатыр. Қазақ халқының өмір сүру салты көшпенді тұрмысқа бейімделгендіктен, күнделікті іс-әрекетінің өзі күрес. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан тағы басқа дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Мысалы, Қытайдың осы заманғы археологтары біздің жыл санауымыздан бұрын Хан патшалығы дәуірінде тұрғызылған, Шинан қаласы маңындағы ежелгі түркілердің қонысын қазып, қабырды ашқанда зираттың ішінен екі мыс табақша табылыпты. Табақшалардың бетінде екі адам бір-бірімен қоян-қолтық ұстасып, күресіп жатқан сипаты ашық бейнеленген екен. Қытай ғалымдары бұл палуандарды түріктердің арғы тегі саналатын ғұндар деп ұйғарған. Демек, бұл заттар – күрес шежіресінің айғағы. Оның бер жағында халықтық эпостарда сайыс өнері жайлы көркем тілмен керемет баяндалса, ерте замандағы таңбалы тастардағы күресіп жатқан адам бейнелі таңбалар жайдан-жай салынбаған.

Ата-бабаларымыздан қалған жекпе-жек сайыс өнерінің бірінде қазақ күресінің өзіндік орны бар. XX ғасырдың басына дейін ел ішінде күрестің біізді жүйеленген тәртібі болған жоқ. Сондықтан да әрбір өңірде күрес ішкі ерекшеліктерін сақтай отырып, қалыптасқан.

Әр ұлттың мәдениеті жоғары жетістігі басқа халықтардың меншігіне айналады. Жалпы даму нәтижесінде, әрбір ұлттың мәдениеті бай және алуан түрлі болып келеді, сондай-ақ, бұл жағдайда халықаралық мәдени элементтер үлкен мәнге ие болғандықтан, әрбір ұлттық мәдениеті барынша халықаралық болып табылады. Физикалық мәдениет саласында мұндай тұжырымдаманың жарқын мысалы ретінде шахмат ойынының қазір үнділердікі еместігі, футбол ағылшындардыкі, хоккей канадалық, дзюдо жапонияныкі еместігі мысал бола алады.

Бүгінгі күнде, қазақ күресінен алты Әлем чемпионаты және он бір Азия чемпионаты болды. Қазақ күресі бойынша алғашқы әлем біріншілігі 2006 жылы Алматы қаласында ұйымдастырылған, ал екінші мәрте 2008 жылы Ресейдегі Орск қаласында болды. Үшінші әлемдік жекпе-жектің жалауы 2010 жылы Қазақстанда елордамыз Астана қаласында көтерілген. Төртінші әлемдік жарыс 2013 жылы Белоруссияда Минск қаласында өтті, бесінші әлем чемпионаты 2014 жылы – Ресейде Оренбург қаласында, алтыншы чемпионат 2016 жылы – Қытай елінде өтті.

Бірінші Азия Чемпионаты 2005 жылы Ресейде Алтай Республикасындағы Қосағаш елді мекенінде өткізілді. Екінші Азия чемпионаты 2006 Манголияда Баян-Өлгей аймағында болды, үшінші Азия чемпионаты 2007 жылы Қазақстанда Қарағанды облысындағы Сәтбаев қаласында өткізілді, төртінші Азия чемпионаты 2008 жылы Қырғызстанда Шолпан-Ата қаласында болды, бесінші Азия чемпионаты 2009 жылы Қазақстанда Қызылорда қаласында, алтыншы Азия чемпионаты 2010 жылы Қазақстанда Өскемен қаласында, жетінші Азия чемпионаты және бірінші Әлем кубогі 2011 жылы Үндістанда Пуна қаласында, сегізінші Азия чемпионаты 2012 жылы Қарағанды қаласында, тоғызыншы Азия чемпионаты 2013 жылы Қытайда, оныншы Азия чемпионаты 2014 жылы Қазақстанда Семей қаласында, он бірінші Азия чемпионаты 2015 жылы Қытай Ақсай қаласында болды.

Бүгінде артып отырған жарыс бәсекелестік жағдайында дайындық әдістемесін жетілдіру мәселесі өте өзекті болып отыр. Қазақ күресінен, физикалық қасиеттерін дамыту үшін оқу-

жаттығу үрдісіне мамандандырылған жаңа әдістерді енгізу, техникалық шеберлігі және тактикалық әртүрлілікті жақсарту, біздің балуандарды қазақ күресінде жетекші орынға өткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу міндеттері.

Техникалық және тактикалық дағдыларды оқыту және жетілдіру, ағзаның және психологиялық дайындық физикалық дамуы үшін басқа да күрес түрлерінде (грек-рим, еркін, дзюдо, самбо) пайдаланылатын әдістерді талдау.

Қазақ күресі оқу процесінде балуандар дайындау үшін пайдаланылуы мүмкін ең тиімді құралдары мен әдістерін анықтау.

Зерттеу әдістері. Палуандарды жан-жақты дайындау мәселесі бойынша ғылыми және оқу әдістемелік жарияланымдарды талдау; жаттықтырушылардан сауалнама алу; педагогикалық бақылау; педагогикалық эксперимент; математикалық статистика әдістері.

Зерттеу нәтижелері. 2015-2017 ж. құрамында халықаралық дәрежедегі 5 спорт шебері, 12 спорт шебері, 13 спорт шеберіне үміткерлері бар Шығыс Қазақстан облысының ұлттық құрамасына тәжірибе жұмыстары жүргізілді.

Дене дайындығы. Палуандарды дене дайындығы бойынша ғылыми-әдістемелік бағылымдарды талдау, бізге қазақ күресі жаттығу процесінде пайдалануға болатын ең қолайлы әдістеме Е.М. Чумаковтың палуандардың жеке физикалық қабілеттерін дамыту әдістемесі; палуанның күшінің мүмкіндіктерін дамыту (Игуменов В.М.); палуандардың арнайы функционалдық мүмкіндіктерін дамыту (В. Пашинцев) деген болжам жасауға мүмкіндік берді [1, 2, 3].

Таңдалған әдістер негізге алынды, ары қарай бірқатар тапсырмалар нақтыланды, олардың қайталау саны, жаттығу жүктемелерінің көлемі мен қарқындылығы, оларды жаттығу жұмыстары мен циклдарында қолдану мүмкіндігі анықталды. Өзгерістер қазақ күрес белдесулерінің заманауи ережелерінің ерекшеліктеріне, жарыс кездесулерінің ұзақтығын, қазақ күресі жарыстарының қатысушыларының дайындығына қойылатын талаптарын негізге ала отырып енгізілді.

Біз ұсынған әдістеме бойынша жалпы және арнайы физикалық дайындық бойынша екі оқу жаттығу жұмыстары (желтоқсан 2015 ж.; наурыз 2017 ж.) жүргізілді. Тәжірибе соңына қарай 2017 жылы наурыз айында қорытынды сынақ өткізілді. Тәжірибе нәтижелері белгілі бір физикалық сипаттамаларды дамыту үшін

сынақ топтардың орташа рейтинг (1-кесте) ұсынылған [4]. Сынақ нәтижелері бұрын пайдаланылған әдістермен салыстырғанда біздің қауіпсіздік мүмкіндіктерінің дамуы және арнайы функционалдық оқыту үшін ұсынған әдістеме неғұрлым тиімді болып табылады деген қорытындыға әкелді.

1-кесте – Тәжірибелік және қорытынды топтардың жалпы физикалық дайындық нәтижелері (n=28)

Қорытынды сынақ	Тәжірибеге дейін	Тәжірибеден кейін
Жылдамдық	4,5	4,7
Координация	4,1	4,4
Күш	3,7	4,1
Төзімділік	3,6	4,3
Икемділік	4,3	4,4
\bar{X}	4,04	4,38

Техникалық және тактикалық дайындық. Күрестің әр түрлеріндегі техника мен тактиканы жетілдіруде қолданатын әдістермен құралдарды жалпылай келе, қазақ күресінің мамандарына ұсындық.

Техникалық және тактикалық дайындықты жетілдіру бағдарламасын құрастыру кезінде біз оқытудың әр кезеңде мәселелерді шеше алатын әдістемелік әдістерін және тапсырмаларды таңдадық. Күрескердің спорттық қызмет ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінді, бұл жағдайсыз күрескер дайындығына әсер ететін тиімді әдістемелік әдістерді табу қиындық тудырады.

Біз үшін ең маңызды мүмкіндіктерге келесілер жатады:

- жарыс жекпе-жектері кері әсер ететін жағдайлар (шаршау, қарсыласының қарсы іс-қимылы, психикалық стресс, көрермен әсері, әрқашан объективті бола бермейтін төрешілер) күйінде өтеді;
- жарыс жекпе-жегінде тез өзгеретін жағдайлар;
- жарыс кезінде болған өзгерістерге адекватты әрекет ету қажеттігі;
- қарсыласының күтпеген іс-қимылдары;
- жарыс жекпе-жегінде организмнің барлық жүйелері (тыныс алу, жүрек-қан тамырлары, тірек-қимыл жүйесі, орталық жүйке жүйесі) толық жұмылдырудың максималды мөлшерлемесінің қажеттілігі.

Біз әзірлеген әдістеме ШҚО (Шығыс Қазақстан облысы) ұлттық құрамасының оқу-жаттығу

жұмыстарында 2016 жылдың 1 қаңтарынан 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін жүзеге асырылды (2-кесте).

Палуандардың белсенділігі 28,5 секундтан 24,7 с дейін, вариативті тиімділігі 2,0-ден 2,5 (ш.б.) дейін, шабуыл тиімділігі 10%-дан 15%-ға дейін, қорғаныс тиімділігі 85%-дан 90%-ға дейін жақсарды.

Қорытынды. Қазақ күресінде физикалық қасиеттерін дамыту деңгейін арттыруға бағытталған күрес және техникалық және тактикалық

дағдыларды мамандандырылған оқу процесіне жаңа әдістерді енгізу педагогикалық эксперимент нәтижелері негізінде, қазіргі заманғы әдістерді пайдалану дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Палуандардың белсенділігі 28,5 секундтан 24,7 с дейін, вариативті тиімділігі 2,0-ден 2,5 (ш.б.) дейін, шабуыл тиімділігі 10%-дан 15%-ға дейін, қорғаныс тиімділігі 85%-дан 90%-ға дейін жақсарды.

2-кесте – ШҚО қазақ күресі құрама командасының техникалық-тактикалық әрекеттерінің көрсеткіштері (n=28)

Техникалық-тактикалық әрекеттер көрсеткіші	Экспериментке дейін		Эксперименттен кейін		p
	\bar{X}	S_x	\bar{X}	S_x	
Белсенділігі, с	28,5	1,2	24,7	1,95	<0,05
Вариативті тиімділігі ш.б.	2,0	0,27	2,5	2,39	<0,05
Шабуыл тиімділігі, %	10,0	2,37	15,0	2,74	<0,05
Қорғаныс тиімділігі, %	85,0	2,59	90,0	2,41	<0,05

Қорытынды. Қазақ күресінде физикалық қасиеттерін дамыту деңгейін арттыруға бағытталған күрес және техникалық және тактикалық дағдыларды мамандандырылған оқу процесіне жаңа әдістерді енгізу педагогикалық эксперимент нәтижелері негізінде, қазіргі заманғы әдістерді пайдалану дәстүрлі әдістерге қарағанда тиімдірек болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, біз келесі шешімдерге келдік:

Е.М. Чумаковтың палуандардың жеке физикалық қабілеттерін дамыту әдістемесі, В.М. Игуменовтің палуандардың кара күшінің мүмкіндіктерін дамыту әдістемесі, В. Па-

шинцевтің дзюдоистердің арнайы функционалдық мүмкіндіктерін дамыту әдістемесі қазақ күресі мен жекпе-жектерінің заманауи ережелерінің талаптарын ескере отырып, өзгерістер енгізу жағдайында қазақ күресі оқу-жаттығуларында қолдануға әбден болады.

Біз әзірлеген қазақ күресінің техникалық-тактикалық шеберлігін арттыруға бағытталған әдістеме педагогикалық тәжірибе нәтижелерімен тиімді екендігі дәлелденді. Техникалық-тактикалық әрекеттер – белсенділік, вариативті тиімділік, шабуыл тиімділігі, қорғаныс тиімділігі зерттеу соңында орташа есеппен 10 пайыздан 25 пайызға дейін жақсарды.

Әдебиеттер

- 1 Чумаков Е.М. Физическая подготовка борца-самбиста. – М., 1991. – 176 с.
- 2 Шелетюк М.Н. Совершенствование в спортивной борьбе. – Алматы: КазАСТ, 2005. – 228 с.
- 3 Пашинцев В.Г. Биологическая модель функциональной подготовки дзюдоистов. – М.: Советский спорт, 2007. – 207 с.
- 4 Андрущишин И.Ф., Мустафин С.К. Педагогический контроль подготовленности спортсмена: методические рекомендации. – Алматы, 2010. – 18 с.

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА
АКТИВНЫХ ВИДОВ ТУРИЗМА



¹Актымбаева Б.И., ²Аблеева А.Г.¹Нархоз университеті,²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы**ҚАЗІРГІ ТУРИСТІК ТҰТЫНУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЭКСТРЕМАЛДЫ ТУРИЗМ**

Актымбаева Б.И., Аблеева А.Г.

Қазіргі туристік тұтыну жүйесіндегі экстремалды туризм**Андатпа.** Мақалада қазіргі туристік тұтыну жүйесіндегі экстремалды туризмді зерттеу нәтижелері ұсынылды.

Ішкі туристік ағымның өсуін қамтамасыз ету үшін туристік өнімді барынша әртараптандыруға барлық күш-жігер салу үшін, импорттық туристік өнімнің қымбаттауы салдарынан қол жеткізбейтін қызметтердің орнын басу мақсатында түрлі туристік қажеттіліктерді қанағаттандыруға жағдайлар жасау қажет. Зерттеулердің нәтижелерінен рекреациялық және танымдық туризм сияқты сұраныстың дәстүрлі сегменттерімен қатар туризмнің мамандандырылған түрлеріне көңіл бөлуді шоғырландыру қажет деген тұжырымға келуге болады. Қазіргі таңда тұтынушылар тарапынан мамандандырылған туризм түрлеріне аса ықылас көрсетуде, себебі адамдардың белсенділігінің көрсету формасы ретінде туризмнің өзектілігі жоғары бағалануда, туризм адам өмірінде ерекше орын алуда. Қазіргі тұтынушылар белсенді емес туризмге қарағанда қызықты оқиғалар мен ұмылмас әсерлерге бағытталған белсенді туризмге жиі көңіл бөледі деген факт орнықты. Экстремалды туризм түрлері әлемде ең танымалдылыққа ие болуда. Әсіресе жастар, әлеуметтік белсенді өмір салтын ұстанатын тұлғалар, жұмысында стресс пен күйгелектіктен арылмайтын бизнесмендер ортасында экстремалды туризм танымал, аталған тұтынушылар тобы әлеуметтік ең белсенді және сұраныстың төлемге қабілетті тобы.

Түйін сөздер: экстремалды туризм, туристік тұтыну, туризмнің белсенді түрлері.

Aktymbayeva B. I., Ableeva A. G.

Extreme tourism in the system of modern tourist consumption

Abstract. In the article are presented the results of the study of extreme tourism in the system of modern tourist consumption. It has been established that in order to ensure the growth of domestic tourist flows, it will be necessary to make every effort to maximally diversify the tourist product, create conditions for meeting various tourist needs in order to compensate for the lost imported tourism product due to appreciation. The results of the research allow one to make an input about the need to concentrate attention not only in traditional demand segments, such as recreational and cognitive tourism, but also in the services of specialized types of tourism, which the consumer has recently paid special attention to, since the relevance of tourism as a form of human manifestation Activity, its importance in people's lives has increased even more. Established is the fact that modern consumers increasingly prefer active leisure and tourism passive, focused on adventure and experience. More and more popular in the world are the types of extreme tourism. Especially popular is extreme tourism among young people, people with a socially active lifestyle, businessmen as the most vulnerable to the syndrome of accumulated fatigue, and this is the most socially active and solvent demand groups.

Key words: extreme tourism, tourist consumption, active types of tourism.

Актымбаева Б.И., Аблеева А.Г.

Экстремальный туризм в системе современного туристского потребления

Аннотация. В статье представлены результаты исследования экстремального туризма в системе современного туристского потребления. Установлено, что для обеспечения роста внутренних туристских потоков необходимо приложить все усилия, чтобы максимально диверсифицировать туристский продукт, создать условия для удовлетворения различных туристских потребностей с целью компенсации потерянного вследствие удорожания импортного туристского продукта. Результаты исследований позволяют сделать вывод о том, что необходимо концентрировать внимание не только на традиционных сегментах спроса, таких как рекреационный и познавательный туризм, но и на услугах специализированных видов туризма, которым в последнее время потребитель уделяет повышенное внимание, так как актуальность туризма как формы проявления человеческой активности, его значимость в жизни людей возросли еще больше. Установленным является тот факт, что современные потребители все чаще предпочитают активные виды отдыха и туризма пассивным, ориентированы на приключения и впечатления. Все более популярными в мире становятся виды экстремального туризма. Особенно популярен экстремальный туризм в среде молодежи, лиц, ведущих социально активный образ жизни, бизнесменов, как наиболее подверженных синдрому накопленной усталости, а это – самые социально активные и платежеспособные группы спроса.

Ключевые слова: экстремальный туризм, туристское потребление, активные виды туризма.

Кіріспе. Адам белсенділігінің түрі ретінде туризмді қалыптастыру және іске асыру, мамандандырылған өндірістік қызметті ұйымдастыру нәтижесі, адам мен табиғаттың өзара әрекетестігінің білдіру формалары – ең болжамға келмейтін «табиғат – адам – қоғам» триадасын құрайтын ықтималды белгісіздік жүйесінің тоғысында тұр, сондықтан оның мәні қажетті дәрежеде ешкіммен анықталмаған.

Мұны туризмнің көптеген қазіргі теоретиктері өздерінің еңбектерінде белгілейді. Алайда олардың барлығы бір пікірге саяды: туризм қазіргі адамның дүниетаным мен өмір сүру салтының бір уақытта себебі де, салдары да болып табылады.

Осы тезистің дәлеліне келесіні келтіруге болады. «Туризмнің» бар болу фактісі адамдардың белгілі бір қажеттіліктерінің және әрекет мотивтерінің болуымен негізделеді. Мұндай негіздерге дәстүрлі түрде саяхаттауға ұмтылуды, жаңа танымды білуді, қарым-қатынас орнатуды, тәжірибемен бөлісу мен алуды, дене және психикалық қалыпты қалпына келтіруді, жеке тұлғаның дамуын және т.б. жатқызады. Аталған мотивтер мен себептер адамдардың іс-әрекет мақсатына қарай өзгеріп, қазіргі туризмнің түрлік құрамын анықтайды.

Сөзсіз, бұл қажеттіліктердің бір бөлігін тұтынушылар бос уақытты өткізу жүйесі арқылы қанағаттандыра алады. Алайда, қалай болғанда да, уақыттың белгілі бір кезеңінде адамдардың көпшілігі бәрібір туризм қызметіне жүгінеді.

Зерттеу мақсаты – қазіргі туристік тұтыну жүйесіндегі экстремалды туризмнің даму ерекшеліктерін зерттеп білу.

Зерттеуді ұйымдастыру және тәсілдері. Зерттеудің фактологиялық негізі талдау және статистика бойынша статистикалық мәліметтер, ҚР ресми туристік порталының материалдары, ғылыми зерттеу, конференциялар мен семинарлардың материалдары болып табылады.

Зерттеу процесінде жүйелік талдау, туристік салаға бейімделген жиынтық сұраныс және сұранымсыз өнімнің тәуекелдер факторын талдау әдістемелері, құрылымдық талдау әдістері, әлеуметтік зерттеу пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Бақылау нәтижелерін талдау көрсеткендей, өндірістік қатынас түрі ретінде туризм адамдармен және адамдар үшін ұйымдастырылады, осылайша туристік қызметтердің шексіз дерлік варианттары мен тәсілдерін тудырады. Тіпті ойға сыймайтын, қиял деп танылатын ұсыныстар бұл салада өз тұтынушыларын табады.

Осы күнге дейін орын алған туризмге деген нақты шығындардың жоғары өсу қарқыны турист мәртебесіне ие бола отырып, тұтынушылар адам ағзасының шамадан тыс жүктемесінен пайда болатын күйзелістік жағдайды (физикалық және психологиялық), ағзаның бейімделу жүйесін және шешім қабылдауға жауапты механизмдерді қалпына келтіруге тырысатынымен түсіндіріледі. Яғни бұл өмір сүру ырғағымен салыстыруға келмейтін салдар болып табылатын «адам ағзасының қайта ынталандыру реакциясы». Әйгілі футурист А. Тоффлер анықтағандай – бұл «футуро-шокқа» ағза үшін минималды зардаптармен бейімделуге ұмтылу салдары, ол туындаған [1]:

- әлемдік экономика процестерімен және жаһанданумен;
- бірыңғай және қолжетімді ақпараттық кеңістіктің қалыптасуымен;
- өмірдің табиғи-анықтаушы ырғағының бұзылуымен;
- адам өмірінің белсенді фазасының ұзаруымен;
- бос уақыт қорының көбеюімен;
- жеке ұтқырлықтың өсуімен;
- отбасы институты мен жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінің трансформациясымен;
- саяхаттау мүмкіндігін қамтамасыз ететін бос ресурстардың болуымен және т.с.с.

Алайда бұл аталған себептерді ғана айту көп жағдайда қате, себебі туризмге деген ұмтылыс жоғары аталған «футурошокқа» қарама-қайшы – күнделікті әбігерліктен құтылумен байланысты болады. Туризм тұрмыстың әбігерлігінен құтылуға, өмірді түрлендіруге және романтикаға бейімділікті жүзеге асыруға көмектеседі. Адам өмірдің жаңа жағдайларына әдеттенген сайын дәл осы себеп, авторлардың пікірі бойынша, біртіндеп басым болады.

Қазіргі таңда туристердің жіктелімдері айтарлықтай көп әзірленген. Аталған зерттеу мақсаттары үшін негізгі ретінде батысгермандық зерттеуші Г. Гананың жіктелемі таңдалды, ол мінез-құлық бойынша туристердің негізгі 6 типін анықтады [2]:

S-типті (неміс. Sonne, Sand, See – «күн, құмайт жағажай, теңіз») турист теңіз курорттарда енжар демалысты қалайды, тыныштық пен жайлылықты таңдайды, түрлі әбігерліктен қашады;

F-типті (неміс. Ferne und flirtorientierter Erlebnisurlauber) турист алыс сапарларға артықшылық береді, мұндай туристің ұстанымы – «қоғам, ғанибет әсерлерді өзгерту»;

W-1 типті турист (неміс. Wald – und wanderorientiert – «орманда серуендеудің және жорықтардың әуесқойы») белсенді демалысты, жаяу жорықтарды және т.с.с. артық көреді, бірақ спортпен кәсіби айналыспайды, ең бастысы ауа-райының жағдайына қарамастан таза ауада физикалық белсенділік;

W-2 типті турист – әуесқойға қарағанда кәсіпқой спортшы, ұзақ және жоғары жүктемелерге бағытталған, тіпті экстремалды жүктемелерге дейін. Демалыс орнын таңдау өлшемінің негізі – «хоббимен айналысу үшін жағдайлардың болуы». Мысалы, альпинизм, құзға шығу, goorjumping және т.б.;

A-типті турист (неміс. Abenteuer – «оқиға») барынша тәуекелмен оқиғалы туризмге артықшылық береді (жиі нақты тәуекел емес, тек сезілетін), жаңа әсерлерге және әдеттегіден тыс жағдайларда өз күшін сынауға ұмтылу. Дәл осы қауіп-қатер саяхаттаудың мақсатын және орнын айқындайды;

B-типті турист (нем. Bildung- und Besichtigung – «біліммен сусындау және көрікті жерлерді тамашалау») өздігінен дамуға артықшылық береді және үш топқа бөлінеді:

«сарапшылар» – барған көрікті жерлермен өз қорын толықтырады;

«мәдениет пен табиғаттың әсершіл әуесқойлары»;

«мамандар» – мәдениет, тарих, өнердің белгілі бір облысында өз білімін тереңдетеді.

Зерттеу барысында қазіргі туризмнің түрлерінің біршама саны W-1, W-2, A-типті туристер категориясына бағытталғаны белгіленді. Мәселен, жоғарыда атап өткендей, қазіргі тұтынушылар пассивті туризмге қарағанда шытырман оқиға мен әсер алуға бағытталған демалыстың және туризмнің белсенді түрлерін жиі артық көреді.

Бірқатар зерттеушілер, оның ішінде А.В. Бабкин экстремалды туризмнің түрлері әлемде танымалдылыққа ие бола бастағанын атап өтуде. Мәселен, Еуропада осы топтағы туризм түрлері жылдам қарқынмен дами бастады және өткен ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында – 90-шы жылдардың басында жаппай бұқаралық сипатқа жетті. Мысалы, туризм түрі ретінде «дайвингтің» болуының 60 жылы ішінде әлемдегі дайверлердің саны 40 млн. адамға жеткен [3].

Сонымен бірге, экстремалды туризм қазіргі туристік тұтытуда екі түрлі мағынаға ие. Экстремалды туризмнің бұқаралық түрлері қолдаушы қызмет ретінде отандық мамандандырылған

жағажай не емдік-сауықтыру курорттарында ұсынылады. Экстремалды туризм қызметтерін ұсыну әдетте экскурсиялық қызмет көрсету тетегі арқылы жүргізіледі.

Біздің елімізде экстремалды туризмнің ауқымы кеңеюде, алайда оның қазіргі Қазақстандағы ағымы бұрынғы КСРО-ға қарағанда бірнеше рет төмен. Қайта құруға дейінгі кезеңде маршруттардың бекітілген жүйесі шеңберінде негізінен жаяу экстремалды туризмнің ағымы шамамен 20 млн. құраған. Бүгінгі таңда біздің елімізде туризмнің экстремалды түрлерінің жиынтық туристік ағымы шамамен 1,5 млн. адамды құрайды. Ал экстремалды туризм тұтынушыларының 40%-дан астамы – бұл әйелдер [4].

А. Бабкиннің, А. Григорьеваның пікірі бойынша, негізі «бұл 20 жастан 28 жасқа дейінгі жас адамдар, олар өздерінің ұнатуы бойынша қарапайым демалуға ұмтылады. Оларға бюджет маңызды емес, табысы жоғары емес. Олардың басты мақсаты – бұл стандартты демалыстан алатын әсерден ерекшеленетін, күндегі жағдайлармен қарама-қайшы жаңа әсерлер мен эмоциялар алу. Олар табиғаттың қауіпті құбылыстарымен күш сынаруды көксейді. Қалыптасқан бизнесмендер мен топ-менеджерлер де жастардың қалайтын әсерлері мен демалысына ұмтылады. Алайда жастарға қарағанда олардың саяхаты сапалы ұйымдастырылған, жеке дара дайындалған қымбат экстримге, техниканың соңғы сөзімен жабдықталған саймандарға мүмкіндіктері бар. Бұл адамдар трансконтинентальды экспедицияларға жорыққа шығады, Солтүстік полюсті бағындырады немесе акулаларды аулайды. Көбісі Доминикан жағажайларында бірқалыпты демалыстан жалыққаннан соң өзгеше, ерекше, әсерлі демалыс түрлерін таңдайды».

Бұл сұраныстың кеңеюін білдіреді, әсіресе жастар, әлеуметтік белсенді өмір салтын ұстанатын тұлғалар, жұмысында стресс пен күйгелектіктен арылмайтын бизнесмендер ортасында экстремалды туризм танымал. Мұндай тенденция Қазақстанмен қатар бүкіл әлемде де байқалады, ал сүрелі жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс аталған тенденцияны тек тездетті әрі тереңдетті.

UNWTO Халықаралық туризм барометрінің соңғы шығарылымында ұсынылған мәліметтерге сәйкес, 2015 жылы халықаралық туристік келулер 4,4%-ға көбейген және жалпы алғанда 1 824 млн. адамды құрады. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы шамамен 50 млн.

көп турист (түнейтін саяхаттаушылар) әлем бойынша халықаралық туристік бағыттарға саяхаттағанды білдіреді [5].

2015 жылы, алты жыл қатарынан дағдарыстан кейінгі 2010 жылдан бастап, халықаралық келулердің өсу қарқыны орташа деңгейден жоғары болған және әрбір жылда бұл көрсеткіш 4 және одан көп пайызға өсіп тұрды.

Соңғы жылдары туризм өзін орнықты және бейімді экономикалық қызмет ретінде және экспорттық секторда миллиардтаған долларды жасаған және миллиондаған жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпалын тигізген экономикалық жаңданудың басты факторларының бірі ретінде көрсете білді. Әсіресе әлем бойынша туристік бағыттар бойынша жақсы байқалады, алай-

да Еуропаға қатысты ерекше көрініс тапты. Себебі бұл аймақ өз тарихындағы ең нашар экономикалық кезеңді еңсеруді шоғырлау үшін көп күш салып тырысуда.

1-сурет деректерін талдау аймақтар бойынша аздаған өсім Америка континентінде (+7%) және Азия-Тынық мұхит аймағында (+5%), ал Еуропа (+4%), Таяу Шығыс (+4%) және Африкада (+2%) өсу көрсеткіші болмашы ғана байқалғанын көрсетеді. Субаймақтарға келсек, олардың арасында ең жақсы нәтижені Солтүстік Америка (+8%), одан кейін Солтүстік-шығыс Азия, оңтүстік Азия, Оңтүстік және жерорта Еуропа, Солтүстік Еуропа және Кариб аймағы (аталған барлық субаймақтар 7% құрады) көрсетті.



1-сурет – 2015 жылы аймақтар бойынша туризмнен түскен табыс бойынша UNWTO халықаралық статистикасы [5]

Бұл мәліметтер бойынша Қазақстанды қоса алғанда, жалпы әлем бойынша туризм экономикасының даму айналымы қарқындап тұр деген тұжырымға келуге болады. Қазақстанда

туризм қалыптасу және даму кезеңінде тұр. Мәселелердің бірі өз ісінің майталман кәсіби мамандардың тапшылығы болып табылады, егер Еуропа, Тынық мұхиты және Азия елдерімен

салыстыратын болсақ, мұнда туризм жоғары деңгейде тұр және оны жетілдіру үшін уақыт пен күш салу молынан бөлінеді.

Тағы бір мәселе мемлекет тарапынан жеткіліксіз қолдау, инфрақұрылымның дамымауы, бәсекенің төмен деңгейі, сервистің төмен деңгейі және т.б. болып табылады. Қазақстан экстремалды туризмді дамыту үшін шексіз табиғи және аумақтық жағдайларға ие, алайда нарыққа талдау жүргізілмей туризмнің бұл түрі шетте қалуда. Еуропада, Америкада және басқа елдерде экстремалды туризм – туризмнің табысты және әлеуетті бағыты болып табылады, себебі арнайы саймандар мен жабдықтар едәуір қаржылық шығындарды талап етеді. Міне, сондықтан туризмнің түрлері арасында экстремалды туризмді бірегей және өзгеше етеді.

UNWTO 2015 жылға ұсынылған деректері бойынша туристердің өздерінің тұрақты мекендерінен шалғай орналасқан басқа елдерге қандай мақсаттармен баратыны анықталды: 2015 жылы саяхаттар демалыс пен рекреацияға, сондай-ақ шипажайларға, демалыс базаларына және бос уақытты өткізудің басқа формаларына баруға бағытталған сапарлар барлық халықаралық туристік келулердің жартысынан көбін құрады (52% немесе 568 млн. адам). Барлық шетел туристерінің 14%-ға жуығы іскерлік және кәсіби мақсаттармен сапар шеккен. 27%-ы – бұл басқа себептермен саяхатату, мысалы: достар мен туыстарға бару, діни себептер мен қажылық, шипажайларда сауықтыру мен ем алу және т.б. Ал қалған туристердің 7% үлесі түрлі себептермен өздерінің сапар шегу мақсаттарын көрсетпеген.

Осы статистикадан адамдарды ойын-сауық, бос уақытты өткізу және рекреация ең көп қызықтырады деген қорытынды жасауға болады. Ең төменгі дәрежедегі мақсаттарға іскерлік сапарлар, көрмелерге және т.б. сапар шегу жатады. Туыстарға және сауықтыру мақсатымен сапар шегу іскерлік туризмнен бір саты жоғары тұр. Бұл мәліметтер адамдардың әрдайым жаңа әсерлерді, эмоцияларды, сөзбен жеткізе алмайтын сезімдерді, бостандық сезімін іздейтінін және соған ұмтылатынын көрсетеді, ал мұның бәрін экстремалды туризм бере алады. Сондықтан да қызмет сапасын жақсартуда және

аталған туризм түрін дамытуда тәжірибе алмасу үшін елдерді біріктіре отырып, экстремалды туризмді ғаламат ауқымда дамыту қажет.

Қорытынды

Біздің елімізде экстремалды туризмнің ауқымы кеңеюде, алайда оның қазіргі Қазақстандағы ағымы бұрынғы КСРО қарағанда бірнеше рет төмен. Қайта құруға дейінгі кезеңде маршруттардың бекітілген жүйесі шеңберінде негізінен жаяу экстремалды туризмнің ағымы шамамен 20 млн. құраған. Бүгінгі таңда біздің елімізде туризмнің экстремалды түрлерінің жиынтық туристік ағымы шамамен 1,5 млн. адамды құрайды. Ал экстремалды туризм тұтынушыларының 40%-дан астамы – бұл әйелдер.

Тұжырымдар:

Халықаралық туристік келулер саны 4,4%-ға өсті және жалпы алғанда 1 184 млн. адамды құрады. Бұл 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы шамамен 50 млн. көп туристер дегенді білдіреді.

Әлемде экстремалды туризмнің түрлері танымал әрі әйгілі болуда. Мәселен, Еуропада осы топтағы туризм түрлері жылдам қарқынмен дами бастады және өткен ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында – 90-шы жылдардың басында жаппай бұқаралық сипатқа жетті.

Сонымен бірге, экстремалды туризм қазіргі туристік тұтытуда екі түрлі мағынаға ие. Экстремалды туризмнің бұқаралық түрлері қолдаушы қызмет ретінде отандық мамандандырылған жағажай не емдік-сауықтыру курорттарында ұсынылады. Экстремалды туризм қызметтерін ұсыну әдетте экскурсиялық қызмет көрсету тегегі арқылы жүргізіледі.

Біздің елімізде экстремалды туризмнің ауқымы кеңеюде, алайда оның қазіргі Қазақстандағы ағымы бұрынғы КСРО-ға қарағанда бірнеше рет төмен. Қайта құруға дейінгі кезеңде маршруттардың бекітілген жүйесі шеңберінде негізінен жаяу экстремалды туризмнің ағымы шамамен 20 млн. құраған. Бүгінгі таңда біздің елімізде туризмнің экстремалды түрлерінің жиынтық туристік ағымы шамамен 1,5 млн. адамды құрайды. Ал экстремалды туризм тұтынушыларының 40%-дан астамы – бұл әйелдер. Осыған байланысты экстремалды туристік бағдарламаларды дамытуға аса ерекше көңіл бөлу қажет.

Әдебиеттер

- 1 Тоффлер Э. Шок будущего. – М.: Наука и спорт, 1970. – 215 с.
- 2 Артёмова Е.Н., Козлова В.А. Основы гостеприимства и туризма: учебное пособие. – Орёл: ОрёлГТУ, 2005. – 104 с.
- 3 Бабкин А.В. Специальные виды туризма: учеб. пособие для ВУЗов. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 232 с.
- 4 Шаскина Ж.М., Оспанов Г.М. Анализ развития международного туризма в Казахстане // Вестник КартУ. – 2014. – С. 125-130.
- 5 UNWTO World Tourism Barometer. Volume 6. UNWTO, № 3, October 2016.

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Аблеева А.Г. – география ғылымдарының кандидаты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Авсиевич В.Н. – доктор PhD, Казахская академия спорта и туризма
Актымбаева Б.И. – география ғылымдарының кандидаты, Нархоз университеті, Қазақстан республикасы
Аликей А. – магистр, Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алтынбек Е.Т. – Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университеті, Шымкент қаласы
Алшынбаев К.И. – Региональный социально-инновационный университет, Шымкент
Андреюшкин И.Л. – ЗТРК
Андрущишин И.Ф. – доктор педагогических наук, профессор, зав. кафедрой теоретических основ физической культуры и спорта, Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, Алматы
Бабаков И.В. – Алматинский государственный колледж новых технологий
Бабушкин Г.Д. – доктор педагогических наук, профессор кафедры теории и методики физической культуры и спорта, Сибирский государственный университет физической культуры и спорта, Россия, Омск
Бабушкин Е.Г. – кандидат педагогических наук, доцент, заведующий кафедрой физического воспитания, Омский государственный технический университет, Россия, Омск
Байсалбаева Б.Ж. – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Бисингалиева С.Б. – преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Болдырев Б.Н. – кандидат педагогических наук, Казахская академия спорта и туризма
Бугыбаева С.Ж. – доктор биологических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма
Досқараев Б.М. – доктор педагогических наук, профессор, Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар достығы университеті, Шымкент қаласы
Ержанова Е.Е. – докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Жарменов Д.К. – докторант Казахской академии спорта и туризма
Жүнісбек Д.Н. – докторант, Казахская академия спорта и туризма,
Иргебаев М.И. – докторант
Кефер Н.Э. – доцент, ЗМС
Конаев Т.А. – Казахская академия спорта и туризма
Кудашова Л.Р. – доктор биологических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма
Кудериев Ж.К. – магистр, Казахская академия спорта и туризма
Кулбаев А.Т. – доктор PhD
Лесбекова Р.Б. – кандидат биологических наук, доцент, Казахская академия спорта и туризма
Милашюс К.М. – хабилитированный доктор биологических наук, профессор, Литовский эдукологический университет, Вильнюс, Литва
Musa ÇON – Yasar Dogu Faculty of Sport Sciences, Ondokuz Mayis University, Samsun, Turkey
Мырзабосынов Е.К. – докторант Казахской академии спорта и туризма
Онгарбаева Д.Т. – Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Отаралы С.Ж. – Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Плахута Г.А. – зав. кафедрой ЗИСТВС Казахской академии спорта и туризма
Сабырбек Ж.Б. – доктор PhD, Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Сайдулин А.А. – Казахская академия спорта и туризма
Санауов Ж.А. – магистр
Soni Jatinkumar Harjivan – Swarnim Gujarat Sports University, Gujarat, India
Телеугалиев Ю.Г. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор
Токтарбаев Д.Г.-С. – доктор PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Туленбаев К.М. – Казахская академия спорта и туризма
Унтаев Х.К. – кандидат педагогических наук, Казахская академия спорта и туризма
Цыбулько О.В. – Казахский национальный университет им. аль-Фараби

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ СТАТЕЙ

1. Этика журнала:

- научно-теоретический журнал «Теория и методика физической культуры» посвящен современным фундаментальным и прикладным проблемам физической культуры, включая вопросы спортивной педагогики, физиологии, психологии, медицины, гуманитарных и других наук;

- редакция принимает к рассмотрению только ранее не опубликованные материалы, хорошо вычитанные (не имеющие орфографических, стилистических, технических и др. ошибок), достоверные и прошедшие проверку на плагиат материалы проведенных исследований;

- редакция оставляет за собой право производить необходимые уточнения и сокращения, а также право предложить авторам сократить или увеличить объем их статьи;

- мнение редакции не всегда совпадает с мнением авторов статей.

2. На публикуемую статью необходимо предоставить 2 рецензии от независимых ведущих специалистов по проблеме исследования, которые не входят в состав редколлегии журнала (каждая рецензия должна быть заверена печатью организации, где работает рецензент). Рецензии обязательны.

3. Объем статьи – от 5-и до 10 полных страниц. Текст должен быть отпечатан через один интервал в редакторе Microsoft Word 2003-2007 на казахском, русском или английском языках, шрифтом Times New Roman, кегль 12, с полями: верхнее и нижнее по 2,0 см; левое – 3,0 см; правое – 1,0 см. Абзацы необходимо начинать с отступа 1 см, выравнивание – по ширине страницы, без переноса слов. Список литературы в конце статьи.

4. Статья должна быть оформлена в строгом соответствии со следующими правилами: сверху в левом углу - УДК, через пустую строку (п/с) по центру – инициалы и фамилия (ИФ) автора/ров (не более 5 авторов), ученая степень и ученое звание (без сокращений), ниже без пропуска – наименование организации, где выполнялось исследование, город и страна. Через п/с по центру прописными буквами – название статьи. Далее через п/с по ширине страницы – аннотация и через п/с - текст статьи. В конце статьи через п/с – «Литература». Необходимо выделить п/ж шрифтом ИФ автора/ров, наименование статьи и наименования разделов: «Аннотация», «Ключевые слова», «Введение (актуальность, методы и организация исследования), результаты исследования и их обсуждение, «Выводы», «Литература».

5. Материалы методического характера должны состоять из введения, научного и опытного обоснования, практических рекомендаций.

6. Ссылки на литературу в тексте приводятся арабскими цифрами в квадратных скобках. В оригинальных статьях допускается цитировать не более 20 источников, в обзорных – не более 30. Библиография должна содержать, помимо основополагающих работ, публикации последних 5 лет. Список литературы следует составлять по мере упоминания источников в тексте и оформлять согласно требованиям Комитета по контролю в сфере образования и науки РК:

- для статьи, опубликованной в журнале: Порядковый номер (без точки), фамилия и инициалы автора. Название статьи // Название журнала. – Год издания. – №... – С. ...

- для книг: Порядковый номер. Фамилия и инициалы автора. Название книги. – Место издания: Издательство, год издания. – Количество страниц.

Авторы несут ответственность за правильность библиографических данных.

7. Аннотация (от 100 до 150 слов) должна быть в начале статьи на трех языках (казахский, русский, английский) Перевод аннотации (включая имя, отчество, фамилию автора/ров, наименование статьи и ключевые слова (5-7 слов) должен быть качественным и выполнен специалистами. На отдельном листе и файле указываются полностью имя, отчество и фамилии авторов, домашние и служебные адреса, телефоны, факсы и e-mail.

8. При представлении количественных данных необходимо указывать в таблицах среднюю арифметическую (\bar{x}), стандартное отклонение (S) и объем выборки (n), при необходимости – коэффициент вариативности (V, %). При расчете коэффициентов корреляции (r) и различия двух средних (t) указывают их уровень значимости, достоверности (P), например: $P < 0,05$; $P < 0,01$ или $P < 0,001$.

Материалы, подготовленные с нарушением данных требований, рассматриваться не будут.

После рассмотрения статьи автору будет сообщено о возможности и условиях её публикации.

Стоимость одной страницы публикации составляет 1000 тг. (для сотрудников академии - 500 тг.).

Периодичность издания журнала – 1 раз в квартале.

АО «Казахская академия спорта и туризма»

Адрес 050022 г. Алматы, ул. Абая 85/105, телефон 292-37-36

Расчетный счет № KZ07856000000011507 в АГФ АО «БанкЦентрКредит» г.Алматы

РНН 600700016358 БИК КСЖВКЗКХ КБЕ 16 БИН 010840001890

Тел.: 8(727) 292-30-07. Факс: 292-68-05. e-mail: dskazast@mail.ru.

Сайт: www.tmfk.kz.

Адрес: 050022, г. Алматы, пр. Абая, 85/105, телефон 8(727) 292-30-07; Департамент науки, послевузовского образования и международных связей, каб.108

МАҚАЛА ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Журналдың әдеби:

- дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі» ғылыми-теориялық журналы спорттық педагогика, физиология, психология, медицина, гуманитарлық және басқа ғылымдар мәселелерін қосқанда, дене тәрбиесінің қазіргі іргелі және қолданбалы мәселелеріне арналған;

- редакция бұрын жарияланбаған, жақсылап түзетілген (орфографиялық, стилистикалық, техникалық және т.б. қателері жоқ), сенімді және плагиатқа тексеруден өткен жүргізілген зерттеу материалдарын қабылдайды;

- редакция қажетті нақтылаулар мен қысқартулар жасауға, сондай-ақ авторларға мақалаларының көлемін қысқартуды немесе үлкейтуді ұсынуға құқылы;

- редакция пікірі мақала авторларының пікірімен әрдайым келісе бермейді.

2 Жарияланатын мақалаға журнал редакциясы құрамына кірмейтін, зерттеу мәселесі бойынша бастаушы, тәуелсіз мамандардың 2 рецензиясы ұсынылуы қажет (әрбір рецензия рецензент жұмыс істейтін ұйымның мөрімен расталуы керек). Рецензиялар міндетті түрде болу тиіс.

3 Мақала көлемі – 5 беттен толық 10 бетке дейін. Мәтін бір жоларалық арқылы Microsoft Word 2003-2007 редакторында, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде Times New Roman қаріпімен, 12 кегль, жоғары және төменгі бойынша 2,0 см; солға – 3,0 см; оңға – 1,0 см жиекжолдармен терілуі қажет. Абзацтар 1 см шегініспен басталады, теңестіру – бет ені бойынша, сөз тасымалсыз болу тиіс. Әдебиет тізімі мақаланың соңында.

4 Мақала мына тәртіптерге қатаң сәйкестікте рәсімделген болуы қажет: жоғарғы сол бұрышта ЭОЖ, бос жолдан кейін (ж/к) ортасы бойынша – автордың/лардың аты-жөні мен тегі (5 автордан аспау тиіс), ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы (қысқартуларсыз), келесі жол – зерттеу жүргізілген ұйымның атауы, қала мен мемлекетін көрсетеді. Бос ж/к ортасы бойынша бас әріптермен – мақаланың тақырыбы. Бос ж/к бет ені бойынша андапта беріледі. Тағы бос ж/к мақала мәтіні жазылады. Мақаланың соңында бос ж/к – «Әдебиет», одан төмен бос ж/к - автордың/лардың АЖТ, мақаланың тақырыбын ж/с қаріпімен бөліп шығару қажет, оған қоса «Андапта», «Тірек сөздер», «Кіріспе (өзектілігі, зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы). Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау, «Қорытынды», «Әдебиет» деген міндетті тараулар атауларында ж/с қаріпімен бөлу қажет.

5 Әдістемелік сипаттағы материалдар кіріспені, практикалық ұсыныстарды, ғылыми және тәжірибелік негіздемелерді қамтуы тиіс.

6 Мақаладағы әдебиеттерге сілтемелер араб цифрларымен шаршы жақшада (10 атаудан асырмай) беріледі. Әдебиеттер тізімін мақаладағы сан тізбектілеу бойынша мақала соңында құрып, ҚР Білім және ғылым саласындағы Бақылау жөніндегі комитет талаптарына сай рәсімдеу керек:

- журналда жарияланған мақала үшін: Реттік нөмері (нүктесіз), автордың тегі мен аты-жөні. Мақаланың тақырыбы // Журналдың атауы. – Шыққан жылы. -№... - Б. ...

- кітаптар үшін: Реттік нөмір. Автордың тегі мен аты-жөні. Кітап атауы – Басылым орны: Баспа, шыққан жылы. – Беттер саны.

7 Андапта (100 ден 150 сөзге дейін) мақаланың басында үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) тілдерінде болу керек. Андаптың аудармасы (автордың/лардың АЖТ, мақаланың тақырыбы мен тірек сөздерін қоса) сапалы болуы тиіс, аударманы мамандар аударуы керек. Бөлек парақ пен файлға барлық авторлардың толық АЖТ, үй және қызмет мекенжайы, телефондары, факстар мен e-mail көрсетіледі.

8 Сандық көрсеткіштерді ұсыну барысында кестелерде орта арифметикалық (), стандарттық ауытқу (S) және іріктеме көлемін (n) көрсету тиіс, қажет кезде – вариациялық коэффициенті (V, %) көрсетіледі. Корреляция коэффициентін (r) және екі орташа сан айырмашылығын (t) есептеу барысында мәнділік, нақтылық деңгейін (P) көрсетеді, мысалы: P<0,05; P<0,01 немесе P<0,001.

Көрсетілген талаптарға сай рәсімделмеген жұмыс қаралмайды.

Мақала қарастырудан өткеннен соң авторға жарияланудың мүмкіндіктері мен шарттары туралы хабарланады.

Мақаланың бір бетінің құны 1000 тг. құрайды (академия қызметкерлері үшін – 500 тг.).

Банктік деректемелер: (ҚР азаматтары үшін ағымдағы шот аштыру қажет):

АО «Казахская академия спорта и туризма»

Адрес 050022 г. Алматы, ул. Абая 85/105, телефон 292-37-36

Расчетный счет № KZ07856000000011507 в АГФ АО «БанкЦентрКредит» г.Алматы

РНН 600700016358 БИК КСЖВКЗКХ КБЕ 16 БИН 010840001890

Телефон: 8(727) 292-30-07. Факс: 8(727) 292-68-05. e-mail: dskazast@mail.ru. Сайт: www.tmfk.kz.

Мекенжай: Қазақстан 050022, Алматы қ., Абай д-лы, 85/105, телефон 8(727) 292-30-07; Ғылым, жоодан кейінгі білім беру және халықаралық департаменті, 108-бөлме.